

**Нұр-Сұлтан қаласы 67 гимназияда өткізілген
«Қарым-қатынас. Достық пен махаббат» тақырыбындағы тренингінің**

ХАТТАМАСЫ

Өткізілген айы : желтоқсан

Қатысқандар: 9-сынып оқушылары

Күн тәртібінде

1. «Қарым-қатынас. Достық пен махаббат» тақырыбы.
2. «Сұхбаттасу» жаттығуы

Барысы:

Психолог – Амиргалиева З.Ғ

«Қарым-қатынас. Достық пен махаббат» тақырыбында мағлұмат берілген соң, Дос қандай қасиеттерге ие болу керек? деген сұрақты ортаға талқылауға бердім. Оқушылардың әр қайсысының ойларын тыңдап, достың бойында қандай қасиеттер болу керек екендігін тізіп шықтық. Барлық жауаптарды қабылдап, ең маңызды деген қасиеттерді атап кетулерін айттым.

«Сұхбаттасу» жаттығуын оқушыларға жұптаса отырып өткіздік. Олардың бір күндік іс-әрекеттерін тізіп, пайдалысын алдық.

Олардың жақын досымен қалай сұхбаттасатынын және сыныптасымен қалай әңгімелесетінін салыстыра отырып, нәтиже шығардық.

Сенім шеңберінде тақырыпты қорытындыладық, ой бөлістік.



Психолог:

Амиргалиева З.Ғ

Нұр-Сұлтан қаласы 67 гимназияда өткізілген «Заңгерлік және медиация орталығы»

Хаттама № 2

07.11.2019 күні 67гимназияда Нұр-Сұлтан қаласының «Заңгерлік және медиация орталығынан» Карымсаков Муктар Төленович біздің 5,6,7,8 сынып оқушыларымен кездесу өткізді. Соңғы жылдары біздің қоғамда медиация ұғымы азаматтық құқықтық қарым-қатынас кеңістігінде көп қолданып, тілдік қорымызда жиі пайдалана бастағандығын айта келіп, медиацияның мақсаты бейтарап, әділ, жанжал нәтижесіне мүделі емес тараптың қатысуымен өтетін дауларды реттеу екендігіне тоқталады. Қазақы түсінікке сәйкестіндірсек екі жаққа да ортақ, дау-дамайда айтысушыларды мәмілеге келтіру арқылы тең шешім қабылдаудың ара ағайындығы. –Көп жағдайларда жасөспірім дау-жанжалға қатыса отырып, қиын және күрделі жағдайға тап болатынын айтып, оқушыларды психологиялық жағынан қалпына келуіне, өкпе-реніштен арылып, қоғамдық ортада жанжалсыз ұрыс-керіссіз өмір сүруге шақырды.



Директоры:

Абдраманова.Г.А